

**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**  
**«ОРЫС МЕКТЕБІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІ БОЙЫНША**  
**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ЕКІНШІ (АУДАНДЫҚ/ҚАЛАЛЫҚ)**  
**КЕЗЕҢІ (2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ)**

\_\_11\_\_ сынып, \_\_1\_\_ тур

Жұмыс уақыты: 120 минут

**I Оқылым бойынша ұпай саны – 40 балл**

- 1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастыру. (10 балл)
- 2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзімен жауап жазу. (10 балл)
- 3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болатынын жазу? (10 балл)
- 4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіру. (5 балл)
- 5. Мәтінге тақырып қою. (5 балл)

**II Жазылым бойынша ұпай саны – 60 балл**

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (10 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (10 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (10 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл).

## **11-сынып** **Оқылым**

Халық Абайды ғана емес, әкесі Құнанбайды да қатты құрметтеген екен. Құнанбай Өскенбайұлы өзі өмір сүрген ортасында өте беделді, асқан абыройлы адамның бірі болады. Өз заманында атақ-даңқы шартарапқа, бүкіл дала өңіріне кең жайылады. Ақыл сұрап, әділдік іздеген қазақтар оған елдің әр түкпір-түкпірінен толассыз келіп жатады, себебі ол іскер, әділ жан болған. Табиғат оған ерекше мықты ақыл, ғажайып ес және жүйрік шешен тіл берген. Бұл қасиеттері Құнанбайды әділ би атандырады. Дала заңдарын, үкімет жарлықтарын, Құран қағидалары мен небір шежірелерді жетік білетін әрі оны жатқа айтатын ділмар етеді. Сол себепті жұртшылық Құнанбайды қатты қадірлеген, құрметтеген.

Құнанбай 81 жыл ғұмыр кешкен. Өзінің ұзақ та өнегелі өмірінде көптеген игілікті іс тындырған. Қалың жұрты оны сол кездің өзінде-ақ «қарадан шыққан хан» санап кеткен. Өйткені, ол сол заманның өзінде қарапайым қазақтың баласы бола тұрып, аға сұлтандыққа сайланады. Аға сұлтандық – беделді, жоғары лауазым, ел басқаратын қызмет. Ол кезде сұлтандыққа орыс ұлықтары (чиновник) сайлайтын болған. Себебі ол кезде қазақ елі Ресей патшалығының қарамағында еді. Сұлтан болу әркімнің қолынан келе бермеген және сұлтандыққа кез келген адамды тағайындамаған. Сөйтіп Құнанбай сұлтан өз өмірінің соңына дейін ел басқару, билік айту ісіне тікелей де, болыс балалары арқылы да араласып отырған. Сол кезеңде Құнанбай Өскенбайұлы салдырған Қарқаралыдағы мешіт те, Меккедегі «Тақия» қонақүйі де қазірге дейін сақталған. (203 сөз)

Б. Майтанов

### **Оқылым тапсырмалары. 40 балл**

1. Берілген сұрақтарды мәтін мазмұнына сәйкес ретпен (бірізділікпен) орналастырыңыз.

(10 балл)

А) Қандай қасиеттеріне қарап Құнанбайды «Әділ би» атаған?

Ә) Аға сұлтандық қандай қызмет?

Б) Құнанбайдан қандай ескерткіштер қалған?

В) Құнанбайдың «қарадан шыққан хан» саналуының себебі неде?

2. 1-ші тапсырмадағы сұрақтарға өз сөзіңізбен жауап жазыңыз. (10 балл)

3. Мәтінде берілген мәліметті қайда қолдануға болады? (10 балл)

4. Мәтінге қатысты қосымша ақпарат келтіріңіз. (5 балл)

5. Мәтінге тақырып қойыңыз. (5 балл)

### **Жазылым. 60 балл**

#### **Әдеби эссе тақырыптары**

1. Жоғары оқу орындарына қабылдану үшін ҰБТ жүйесі тиімді ме?

2. Таза мінсіз асыл сөз

3. А.Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы

4. Өзге елде сұлтан болғанша...

5. Шешеннің сөзі - шамшырақ

#### **Критерийлер:**

- Эссе құрылымының сақталуы (10 балл)
- Оқушының жеке көзқарасын білдіруі (10 балл)
- Өмірмен байланыстыруы (10 балл);
- Ұсынылған тезистердің нақты дәлелдемелермен дәйектелуі (аргументтер) (10 балл);
- Тақырып бойынша ой жүйесі; мағыналық тұтастық (10 балл);
- Сауаттылық (пунктуация, орфография, логикалық заңдылықтың сақталынуы) (10 балл).

**Барлық ұпай саны – 100 балл**